

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 қазандағы № 1335 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 44, 443-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде:

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тапсырмалардың жобаларын дайындау кезінде мыналар ескеріледі:

- 1) көтеріліп отырған мәселелердің пысықталғандығы;
- 2) стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкестігі;
- 3) нәтижелілігі мен тиімділігі (нақты түпкі нәтижесі көрсетіледі);
- 4) орындалу мерзімдерінің шынайылығы;
- 5) экономикалық орындылығы мен ресурстармен қамтамасыз етілуі;
- 6) өзге тапсырмалармен қайталанудың жоқтығы."

32-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қаулы (өкім) жобасында тапсырмалық сипаттағы ережелер бар болған жағдайда, мемлекеттік органдар осы Регламенттің 8-тармағының екінші абзацын басшылыққа алады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов